DIPLOMATIC AND CONSULAR RELATIONS

Privileges and Immunities

Agreement Between the
UNITED STATES OF AMERICA
and KAZAKHSTAN

Signed at Nur-Sultan May 3, 2019
Entered into force May 4, 2020

NOTE BY THE DEPARTMENT OF STATE

Pursuant to Public Law 89—497, approved July 8, 1966 (80 Stat. 271; 1 U.S.C. 113)—

". . .the Treaties and Other International Acts Series issued under the authority of the Secretary of State shall be competent evidence . . . of the treaties, international agreements other than treaties, and proclamations by the President of such treaties and international agreements other than treaties, as the case may be, therein contained, in all the courts of law and equity and of maritime jurisdiction, and in all the tribunals and public offices of the United States, and of the several States, without any further proof or authentication thereof."

AGREEMENT BETWEEN THE GOVERNMENT OF THE UNITED STATES OF AMERICA AND THE GOVERNMENT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN REGARDING CONSULAR PRIVILEGES AND IMMUNITIES

The Government of the United States of America and the Government of the Republic of Kazakhstan (hereinafter, individually referred to as the "Party," and collectively as the "Parties")

Recognizing the important work performed by consular officers and consular employees;

Believing that enhanced protections for members of the consular staff and their family members will further strengthen the friendly relations between the Republic of Kazakhstan and the United States of America;

Intending to enhance the protections enjoyed by consular posts, consular officers, consular employees and their family members; and

Reiterating that privileges and immunities are to ensure the efficient functioning of consular posts on behalf of their respective States and are not for the purpose of benefitting individuals.

Hereby agree as follows:

Article 1
Definitions

For purposes of this Agreement, the following terms shall have the meanings hereunder assigned to them:

The definitions provided in Article 1 of the Vienna Convention on Diplomatic Relations and Article 1 of the Vienna Convention on Consular Relations apply to this Agreement.

"Family member" means a member of the household of a consular officer or of a consular employee forming part of the family who has been notified to the receiving State in accordance with the established practice of the receiving State.

Article 2
Privileges and Immunities of Consular Officers

Each Party shall extend to consular officers of the other Party privileges and immunities equivalent to those afforded to diplomatic agents under the Vienna Convention on Diplomatic Relations.

Article 3
Privileges and Immunities of Consular Employees

Each Party shall extend to consular employees of the other Party privileges and immunities equivalent to those afforded to members of the administrative and technical staff under the Vienna Convention on Diplomatic Relations.

Article 4
Privileges and Immunities of a Family Member of a Consular Officer

Each Party shall extend to the family member of a consular officer of the other Party privileges and immunities equivalent to those afforded to the members of the family of a diplomatic agent forming part of his or her household under the Vienna Convention on Diplomatic Relations.

Article 5
Privileges and Immunities of a Family Member of a Consular Employee

The Parties shall extend to the family member of a consular employee of the other Party privileges and immunities equivalent to those afforded to the members of the family of a member of the administrative and technical staff forming part of his or her household under the Vienna Convention on Diplomatic Relations.

Article 6
Consular Mission and Property

The premises of the consular mission and its property, including means of transport, shall enjoy the same protection as those of a diplomatic mission under Article 22 of the Vienna Convention on Diplomatic Relations.

Article 7
Scope of Application

The protections provided in this Agreement shall not apply to those individuals who are nationals of or permanently resident in the receiving State.

Article 8
Waivers

Any immunity or inviolability afforded under this Agreement may be waived by the sending State. Any waiver must always be express.

Article 9
Visas

Each Party commits not to discriminate on the basis of religion or ethnic heritage in processing and issuing visas for the diplomatic and consular personnel of the other Party.

Article 10
Relationship to the Vienna Convention on Consular Relations

Consistent with Article 73 of the Vienna Convention on Consular Relations, this Agreement supplements and amplifies the provisions of that Convention. The provisions of this Agreement and any prior agreements in force between the Parties shall be applied consistently, but in case of a conflict the provision more favorable to the sending State shall be applied.

Nothing in this agreement shall affect the rights or obligations of either Party under any other international agreement in force between the Parties.

Article 11
Amendment

This Agreement may be amended at any time by mutual agreement between the Parties.

Article 12
Entry into force and termination

This Agreement shall enter into force on the date the Government of the Republic of Kazakhstan notifies the Government of the United States of America via diplomatic note that Kazakhstan has fulfilled all internal procedures required for the entry into force of this Agreement.

This Agreement shall remain in force indefinitely. Either Party may terminate this Agreement at any time by providing written notice, through diplomatic channels to the other Party. Termination shall take effect twelve months following the date of such notification.

Done at Nur-Sultan this 3 of May, 2019, in duplicate, in the English and Kazakh languages, both texts being equally authentic.

FOR THE GOVERNMENT OF
THE UNITED STATES OF AMERICA:

William H. Moser

FOR THE GOVERNMENT OF
THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN:



Америка Құрама Штаттарының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Консулдық артықшылықтар мен иммунитеттер туралы келісім

Америка Құрама Штаттарының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі мәтін бойынша, жекелегенде «Тарап» және бірге «Тараптар» деп аталатын):

консулдық лауазымды адамдар мен консулдық қызметшілер жүргізетін жұмыстың маңыздылығын тани отырып;

консулдық персонал мүшелері мен олардың отбасы мүшелері үшін күшейтілген қорғаныс Америка Құрама Штаттары мен Қазақстан Республикасы арасындағы достық қарым-қатынастарды одан әрі нығайтуға ықпал ететініне сенімді бола отырып;

консулдық мекемелер, консулдық лауазымды адамдар, консулдық қызметшілер мен олардың отбасы мүшелері пайдаланатын қорғауды күшейтуге ниет білдіре отырып;

мұндай артықшылықтар мен иммунитеттер жекелеген адамдарға емес, консулдық мекемелер өз Мемлекеттері атынан функцияларды тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін берілетінін атап көрсете отырып;

төмендегілер туралы келісті:

1-бап
Анықтамалар

Осы Келісімнің мақсаттары үшін төменде келтірілген терминдер мынадай мағыналарға ие:

Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясының 1-бабында және Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясының 1-бабында келтірілген анықтамалар осы Келісімге қолданылады.

«Отбасы мүшесі» – қабылдаушы Мемлекетте қалыптасқан практикаға сәйкес ол туралы қабылдаушы Мемлекеттің назарына жеткізілген, консулдық лауазымды адам, немесе консулдық қызметші отбасының құрамдас бөлігі болып табылатын отбасы мүшесін білдіреді.

2-бап
Консулдық лауазымды адамдардың артықшылықтары мен иммунитеттері

Әрбір Тарап екінші Тараптың консулдық лауазымды адамдарына Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясына сәйкес дипломатиялық агенттерге берілетін артықшылықтар мен иммунитеттерге балама болып табылатын артықшылықтар мен иммунитеттер береді.

3-бап
Консулдық қызметшілердің артықшылықтары мен иммунитеттер

Әрбір Тарап екінші Тараптың консулдық қызметшілеріне Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясына сәйкес әкімшілік және техникалық персонал мүшелеріне берілетін артықшылықтар мен иммунитеттерге балама болып табылатын артықшылықтар мен иммунитеттерді береді.

4-бап
Консулдық лауазымды адамдардың отбасы мүшелері үшін артықшылықтары мен иммунитеттер

Әрбір Тарап екінші Тараптың консулдық лауазымды адамының отбасы мүшелеріне дипломатиялық агент отбасының құрамдас бөлігі болып табылатын отбасы мүшелеріне Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясына сәйкес берілетін артықшылықтар мен иммунитеттерге балама болып табылатын артықшылықтар мен иммунитеттер береді.

5-бап
Консулдық қызметшілердің отбасы мүшелері үшін артықшылықтар мен иммунитеттер

Тараптар консулдық қызметшінің отбасы мүшелеріне Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясына сәйкес әкімшілік және техникалық персонал отбасының құрамдас бөлігі болып табылатын отбасы мүшелеріне берілетін артықшылықтар мен иммунитеттерге балама болып табылатын артықшылықтар мен иммунитеттер береді.

6-бап
Консулдық мекеме және жылжымайтын мүлік

Консулдық мекемелердің үй-жайлары мен мүлкі, оның ішінде көлік құралдары да Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясының 22-бабына сәйкес дипломатиялық өкілдіктер сияқты қорғалады.

7-бап

Қолданылу аясы

Осы Келісімде ұсынылатын қорғау қабылдаушы Мемлекеттің азаматтары болып табылатын немесе қабылдаушы Мемлекетте тұрақты тұратын адамдарға қолданылмайды.

8-бап
Бас тарту

Осы Келісімге сәйкес берілетін кез келген иммунитетті немесе қол сұғылмаушылықты жіберуші Мемлекет тоқтатуы мүмкін. Кез келген тоқтату әрқашан жедел түрде іске асырылуы тиіс.

9-бап
Визалар

Әрбір Тарап екінші Тараптың дипломатиялық және консулдық персоналы үшін визаны ресімдеу және беру процессінде діни тұрғыдан немесе этникалық шығу тегі негізінде кемсітпеуге міндеттенеді.

10-бап
Консулдық қатынастар бойынша Вена конвенциясымен өзара іс-қимыл

Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясының 73-бабына сәйкес осы Келісім аталған Конвенцияның ережелерін толықтырады және күшейтеді. Осы Келісімнің және Тараптар арасындағы бұрыннан қолданыстағы кез-келген келісімдердің ережелері реттілікпен қолданылуы тиіс. Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясы мен осы Келісім ережелері арасында алшақтықтар болған жағдайда жіберуші Мемлекет үшін барынша қолайлы болып табылатын ереже қолданылады.

Осы Келісімде ешнәрсе де Тараптардың кез келгенінің өз мемлекеттері қатысушылары болып табылатын және Тараптар арасындағы қолданыстағы кез келген басқа халықаралық шарт бойынша құқықтарын немесе міндеттемелерін қозғамайды.

11-бап

Өзгерістер мен толықтырулар

Кез келген уақытта осы Келісімге өзара келісім арқылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

12-бап
Күшіне енуі және қолданысын тоқтату

Осы Келісім күшіне ену үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Қазақстан Республикасы Үкіметінің орындағаны туралы жазбаша хабарламаны Америка Құрама Штаттарының Үкіметі дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап осы Келісім күшіне енеді.

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады. Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа дипломатиялық арналар арқылы жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Келісімді кез келген уақытта бұзуы мүмкін. Осы Келісім осындай хабарлама алынған күннен бастап он екі ай өткен соң өз қолданысын тоқтатады.

2019 жылғы «3» наурыз Нұр-Сұлтан қаласында ағылшын және қазақ тілдерінде екі данада жасалды әрі екі мәтін де бірдей тең түпнұсқалы болып табылады.

Америка Құрама Штаттарының Үкіметі атынан	**Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан**
William H. Moser	